

"Денисов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Костанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 3 қазандағы № 197 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Қостанай облысы Денисов ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған "Денисов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. "Денисов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) жоғарыда көрсетілген Ережені заңнамада белгіленген тәртіpte әдіlet органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Денисов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етуін.

3. Денисов ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы № 258 "Денисов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысы жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Денисов аудан әкімінің міндетін атқарушы

Катпаев Р. Ж.

Денисов

ауданы әкімдігінің

2023 жылғы "3" қазандығы

"Денисов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

Ескерту. Ереже жана редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 01.04.2025 № 78 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).

1 тарау. Жалпы ережелер

1. "Денисов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволық бағынысты мекемесі бар: "Денисов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі әлеуметтік көмек орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлөрі және атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртәнбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлім егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110500, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Денисов ауданы, Денисов ауылдық округі, Денисовка ауылы, Калинин көшесі, 6 үй.

10. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады. Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2 тарау. Мемлекеттік органдың міндеттері мен өкілеттігі

13. Міндеттері:

1) халықты жұмыспен қамту саласында мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету және жүргізу, нәтижелі жұмыспен қамту үшін жағдай жасау арқылы халықтың өмір сұру деңгейін арттыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарының құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету;

3) мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау, тұрмыс-тіршілігі және қоғамға кіргізу үшін тең мүмкіндіктер жасау;

4) өмірдің қыын жағдайында жүрген адамдарға (отбасыларға) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер болып табылады.

14. Өкілеттіктері:

1) Құқықтар:

өз құзыреті шегінде ведомствоның бағынысты мекеменің орындауы үшін міндетті бүйрықтар, нұсқаулықтар және өзге де актілер шығаруға құқылы;

өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіpte мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті мәліметтерді, материалдар мен құжаттарды сұрату және алу;

жергілікті атқарушы органдармен келісім бойынша өзінің негізгі қызметін жоспарлау және халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласын дамытуды анықтау;

2) Міндеттері:

заңды тұлғалармен және азаматтармен шарттар жасасу, мұліктік және жеке мұліктік емес құқықтарға ие болу, сотта талапкер және жауапкер болу;

осы Ережеге сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы органдың атынан өкілдік ету;

мемлекеттік қызметтер стандарттарының қол жетімділігін қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да құқықтарды жүзеге асыру.

15. Функциялар:

- 1) ведомстволық бағынысты коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін үйлестіру;
- 2) нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, олардың қабылдануын қамтамасыз ету;
- 3) халықтың өмір сүру деңгейін тұрақтандыруға және арттыруға бағытталған өнірлік бағдарламаларды әзірлеуге қатысу, олардың орындалуын талдау;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджет қаражатының қажеттілігін болжау және әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру;
- 5) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, халыққа атаулы әлеуметтік көмек көрсету және кедейлікті азайту жөніндегі шаралар саласындағы мемлекеттік әлеуметтік саясатты іске асыру;
- 6) статистикалық, ведомстволық есептілікті дайындау және ұсыну, Бөлімнің құзыреті шегінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді жүргізуге мониторингті жүзеге асыру;
- 7) ағымдағы жылға арналған бюджеттік өтінімді, дамудың индикативтік жоспарын қалыптастыру;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды өткізу қамтамасыз ету;
- 9) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету мақсатында еңбек үткыштырылған орталықтарымен өзара іс-қимыл жасау;
- 10) мемлекеттік, үкіметтік бағдарламалар және аумақтарды дамыту бағдарламалары, сондай-ақ жеке сектор бастамалары шеңберінде іске асырылатын жобаларда сұранысқа ие мамандықтар бөлінісінде ағымдағы Бос орындар және құрылатын жұмыс орындарының болжамы туралы әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесінің дерекқорын қалыптастыруға қатысу;
- 11) еңбекші көшіп келушіге рұқсатты беру, ұзарту және кері қайтарып алу;
- 12) құзыреті шегінде халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты және жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ететін іс-шараларды іске асыру;
- 13) тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әлеуметтік көмектің өзге де тұрларін тағайындау және төлеу;
- 15) үйде тәрбиленетін және оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету;
- 16) мүгедектігі бар адамдарға оқалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық және тифлотехникалық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен, міндettі гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, сондай-ақ санаторий-курорттық емдеу, ындау тілі маманының, жеке көмекшілердің қызметтерін ұсыну;

- 17) Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сұру сапасын жақсарту;
- 18) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау және оларға консультация беру;
- 19) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарau және қажетті шаралар қабылдау;
- 20) коммерциялық емес (үкіметтік емес) ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 21) әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қорғанышылық немесе қамқоршылық белгілеу;
- 22) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне және женілдіктер мен кепілдіктер бойынша оларға теңестірілген адамдарға санаторий-курорттық емделуге құжаттарды ресімдеу;
- 23) халықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілігіне талдау жүргізу;
- 24) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 25) мүгедектігі бар адамдарды оналтудың жеке бағдарламаларының әлеуметтік бөлігін орындауда бақылау және жәрдемдесу;
- 26) өмірлік қызын жағдайда жүрген адамға (отбасына) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету туралы шешім шығару;
- 27) өз құзыреті шегінде арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 28) 1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығындағы кезеңде кемінде 6 ай жұмыс істеген адамдарға жұмыс өтілін белгілеу үшін арнайы комиссияның жұмыс органдарының функцияларын жүзеге асыру;
- 29) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккен азаматтарды тіркеу және есепке алу үшін арнайы комиссияның жұмыс органдарының функцияларын жүзеге асыру. Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардал шеккендеге женілдіктер мен өтемақылар алу құқығын растайтын куәліктер беру;
- 30) өмірлік қызын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамдардың (отбасылардың) өтініштерін қарau және әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындылар шығару бойынша арнайы комиссияның жұмыс органдарының функцияларын жүзеге асыру;
- 31) кәмелетке толған азаматтарға қатысты қылмыстық және азаматтық істер бойынша сотқа қорғанышылық және қамқоршылық мәселелері бойынша қатысу;
- 32) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ведомствоның функциялары:

- 1) Тұрғылықты жері бойынша үйде, күндізгі уақытта азаматтардың мынадай санаттарына арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік көлемін көрсету:

психоневрологиялық патологиясы бар мүгедектігі бар балаларға; тірек-қымыл аппаратының бұзылған мүгедектігі бар балаларға; психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға; бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға; егде жасына байланысты өз бетінше қызмет көрсетуге қабілетсіз адамдарға.

2) арнаулы әлеуметтік қызметтерінде қажеттілікті бағалау және айқындау;

3) халықтың аз қозғалатын топтары үшін бейімделуге жататын объектілердің мониторингі.

3 тарау . Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) бөлімнің жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауап береді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

3) Бөлімнің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді, орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4) бөлімде сыйайлар жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шараларды қабылдайды және сыйайлар жемқорлыққа қарсы тиісті емес шараларды қабылдау үшін дербес жауапты болады;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелей, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

6) мемлекеттік бөлімнің атынан сенімхатсыз әрекет жасайды;

7) азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүргізеді, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңнамада белгіленген мерзімдерде қарайды, олар бойынша қажетті шаралар қабылдайды;

8) қызметтік құжаттамаға қол қояды;

9) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезенде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

4 тармақ . Мемлекеттік органның мұлкі

19. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлімнің өзіне бекітілген мүлікті және оған қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5 тармақ. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Денисов ауданын әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі

"Денисов ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жөніндегі әлеуметтік көмек орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.